

Стресті активтер қорын құру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 8 қыркүйектегі N 239-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының 2008 жылғы 2 қыркүйекте болған бірлескен мәжілісінде Стресті активтер қорын құру мәселесі бойынша Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Стресті активтер қорын құру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы іске асырылуын қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

8

қ ы р к ү й е к т е г і

N 2 3 9 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

Стресті активтер қорын құру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындау- шылар	Болжам- ды шығыс- тар	Қаржы- ландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1	Стресті активтер қорын құру және басқару тетігін анықтау (жұмыс істеп тұрған заңды тұлға базасында не заңды тұлға құру)	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінде өткен кеңестің хаттамалық шешімі	2008 жылғы 10 қыркүйек	Қаржы-мині, ЭБЖМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, Қ Қ Қ (келісім бойынша)	Талап етілмейді	
2	Стратегиялық әріптестермен келіссөздер жүргізу және активтерді бағалауға және қайта құрылымдауға мамандандырылатын шетел компаниясын тарту жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2008 жылғы 1 қазан	Қаржы-мині, ЭБЖМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, Қ Қ А (келісім бойынша)	Талап етілмейді	
3						

	Сатып алынатын активтердің (дисконттың) құнын анықтау тетігі және Стресті активтер қорын капиталдандыруға Үкіметтің қатысу мөлшерін бағалау жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2008 жылғы 15 қыркүйек	Қаржы-мині, ҚҚА, ЭБЖМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ ҚҚҚ (келісім бойынша)	Талап етілмейді	
4	Стресті активтерді анықтау және бағалау: оларды сәйкестендіру, осы активтерді жіктеу тәсілдері	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2008 жылғы 15 қыркүйек	Қаржы-мині, ҚҚА, ЭБЖМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, ҚҚҚ (келісім бойынша)	Талап етілмейді	
5	Стресті активтер қорының тұжырымдамасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2008 жылғы 1 қазан	Қаржы-мині, ЭБЖМ, Әділет-мині, "Қазына" ОДҚ" АҚ, ҚҚА (келісім бойынша)	Талап етілмейді	
6	Стресті активтер қорын құру туралы шешім қабылдау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2008 жылғы 1 қазан	Қаржы-мині, ЭБЖМ, Әділет-мині, "Қазына" ОДҚ" АҚ	Талап етілмейді	
7	Заңды тұлғаны тіркеу, басқару органдарын қалыптастыру / жұмыс істеп тұрған заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізу/	Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік	2008 жылғы 15 қараша	Қаржы-мині, "Қазына" ОДҚ" АҚ	Талап етілмейді	
8	Акционерлік қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін қалыптастыру (акциялар эмиссиясы/акциялардың қосымша эмиссиясы және Үкіметтің акцияларды сатып алуы)	Эмиссия проспектісі, акцияларды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде акционердің жеке	2008 жылғы 1 қараша	Қаржы-мині, "Қазына" ОДҚ" АҚ	300 млн. теңге	

ш о т ы н а
акцияларды
есептеу

Үкімет-

						тің резерві
9	Стресті активтер қорын капиталдандыру	Эмиссия проспекті-сі, акцияларды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде акционердің жеке шотына акцияларды есептеу	2008 - 2009 жылдар	Қаржы-мині, "Қазына" ОДҚ" АҚ	Осы Жоспардың 3-тармағына сәйкес анықталатын болады	Республикалық бюджет
10	Инвестициялық меморандумды және Стресті активтер қорының басқа да негізгі ішкі құжаттарын бекіту	"Қазына" ОДҚ" АҚ Директорлар кеңесінің шешімі	2008 жылғы 15 қараша	Қаржы-мині, "Қазына" ОДҚ" АҚ	Талап етілмейді	
11	Активтерді бағалауға және қайта құрылымдауға мамандандырылатын шетел компаниясымен ынтымақтастық туралы келісім (меморандум) жасау	Директорлар кеңесінің шешімі	2008 жылғы 15 қараша	Қаржы-мині, "Қазына" ОДҚ" АҚ	Талап етілмейді	

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
"Қазына" ОДҚ" АҚ - "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы
ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі
ҚҚҚ - Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығы